

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қаңтар N 41

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің несиелік ресурстарға қол жеткізуін кеңейту және "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) 1999-2000 жылдардағы таза кірісін Қордың жарғылық капиталына мемлекеттің 100% қатысуын сақтай отырып, Қордың жарғылық капиталын арттыруға жолдау туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу,

бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағынан туындайтын іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.